Жанкушков Бауыржан Оразаевичтің
8D01301 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»
білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін « Электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру»
тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру.

Зерттеу нысаны: ЖОО-да болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісі.

Зерттеу пәні: электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеу мақсаты: электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеу және әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.

Зерттеу міндеттері:

- «электронды ресурстар», «цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мәні мен мазмұнын нақтылау;
- электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздерін анықтау;
- электронды ресурстарды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құралы ретінде сипаттап, олардың педагогикалық әлеуетін айқындау;
- электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың ұғымдық-категориялық мазмұны айқындалып, әдіснамалық тұғырлар негізделсе, құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалып, әдістеме кезең-кезеңімен тәжірибеде қолданылса, онда студенттердің цифрлық құзыреттілігінің мотивациялық, мазмұндық (когнитивтік-операциялық) және рефлексиялық компоненттері бойынша оң динамика анықталады, өйткені ЖОО-

да студенттердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған электронды ресурстар әзірленіп, оқу-әдістемелік қамтамасыз етіледі.

Зерттеу әдістері: теориялық әдістер – философиялық, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құжаттарды талдау, жинақтау, салыстыру, контент-талдау, сыни талдау, жүйелеу және құрылымдау, жіктеу, модельдеу, интерпретациялау; эмпирикалық әдістер – педагогикалық бақылау, сауалнама, тестілеу, диагностикалық әдістемелер, кәсіби-жағдаяттық тапсырмалар, цифрлық өнімді эксперттік бағалау, электронды портфолио мен рефлексиялық күнделікті талдау, педагогикалық эксперимент (анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңдері); математикалық-статистикалық әдістер – деңгейлік жиілік пен пайыздық үлесті есептеу.

Негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар)

1. Электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың ұғымдық мазмұнын талдауда «электронды ресурстар – болашақ мұғалімнің оқу, зерттеу және кәсіби-педагогикалық әрекеттерін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, сандық форматта сақталған, дидактикалық тұрғыдан құрылымданған және оқу мақсатына сай басқаруға бейімделген білім беру мазмұнының жиынтығы»; «цифрлық құзыреттілік – цифрлық құралдарды техникалық меңгеру деңгейі емес, тұлғаның цифрлық ортада мақсатқа сай, сыни, этикалық және қауіпсіз әрекет ете алу қабілеті мен даярлығын білдіретін кіріктірілген сапа» және «электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру – ЖОО-да педагогикалық тұрғыдан іріктелген электронды ресурстармен орындалатын кәсіби әрекетті (бағалау, бейімдеу, цифрлық өнім жасау, қолдану, рефлексия) кезең-кезеңімен ұйымдастыру арқылы студенттің мотивациялық, мазмұндық (когнитивтік-операциялық) және рефлексиялық компоненттерін дамытуға бағытталған мақсатты, басқарылатын педагогикалық үдеріс» деп нақтыланды;

2. Электронды ресурстар цифрлық құзыреттілікті өздігінен емес, студенттің кәсіби әрекеті арқылы қалыптастырады: олардың педагогикалық әлеуеті ақпараттық-зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, интерактивті-әрекеттік, коммуникациялық, жобалаушылық-шығармашылық, бағалау-рефлексивтік, қауіпсіздік-этикалық және кәсіби-дамытушылық бағыттарда айқындалып, «ресурс қасиеті – педагогикалық функция – кәсіби әрекет – компонент» тізбегі арқылы іске асады;

3. Электронды ресурстарды педагогикалық қызметі бойынша (ақпараттық-мазмұндық, интерактивті-әрекеттік, коммуникациялық-ұйымдастырушылық, жобалау-практикалық, бағалау-рефлексивтік және ЖИ-қолдаулы жобалау) жіктеу авторлық EduQuiz, «Digital Quest: Мұғалім 4.0» және

AI-assisted Lesson Design ресурстарын әрқайсысы жетекші қызмет атқаратын біртұтас әдістемелік жүйеге біріктіруге негіз болады;

4. Құрылымдық-мазмұндық модель мақсаттық, теориялық-әдіснамалық, мазмұндық-процессуалдық және нәтижелік-бағалау блоктарынан тұрады; ол жүйелік, құзыреттілік, іс-әрекеттік, ақпараттық және технологиялық тұғырлар мен олардан туындайтын бес ұстанымға сүйеніп, әр компонентті бір өлшеммен, үш көрсеткішпен, диагностикалық әдістемемен және деңгейлік сипаттамамен байланыстырады;

5. Бағдарлау-диагностикалық, мазмұндық-операциялық, жобалау-практикалық және рефлексивтік-түзетушілік кезеңдерден тұратын әдістеме эксперименттік топта үш компонент бойынша төмен деңгей үлесінің азаюымен сипатталатын оң ішкі динамиканы қамтамасыз етті; қорытынды топаралық айырмашылық статистикалық мәнді деңгейге жетпегендіктен ($p > 0,05$), әдістеменің салыстырмалы тиімділігін кейінге қалдырылған диагностика мен кеңейтілген іріктеме арқылы тексеру қажеттігі негізделеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

- «электронды ресурстар», «цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мәні мен мазмұны нақтыланды;

- электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері анықталды;

- электронды ресурстарды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құралы ретінде сипатталып, олардың педагогикалық әлеуеті айқындалды;

- электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

- бірінші нәтиже, «электронды ресурстар», «цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мәні мен мазмұнының нақтылануымен жаңа;

- екінші нәтиже, электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздерінің анықталуымен жаңа болып табылады;

- үшінші нәтиже, электронды ресурстарды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құралы ретінде сипатталуымен, олардың педагогикалық әлеуетінің айқындалуымен жаңа;

- төртінші нәтиже, электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуымен жаңа болады;

- бесінші нәтиже, электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесінің дайындалуымен және оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілуімен жаңа нәтиже болып табылады.

Ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Зерттеу жұмысының негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған цифрландыру, жасанды интеллектіні кеңінен енгізу және адами капиталды дамыту міндеттерімен үндеседі. Сонымен қатар зерттеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына», Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы №418-V ҚРЗ «Ақпараттандыру туралы» Заңына және білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес жүргізілді. Аталған нормативтік-құқықтық және стратегиялық құжаттарда білім беру мен ғылымды цифрландыру, заманауи ақпараттық технологияларды тиімді қолдану, білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру, ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін арттыру және инновациялық білім беру ортасын дамыту міндеттері қарастырылған. Осыған байланысты зерттеу жұмысының мақсаты мен мазмұны Қазақстандағы білім мен ғылымды дамытудың басым бағыттарына және мемлекеттік саясаттың стратегиялық міндеттеріне толық сәйкес келеді.

Докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау (диссертация авторының үлесі жалпы мәтіннен пайызбен көрсетіледі)

Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 8 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде: 1 мақала Scopus мәліметтер базасына енгізілген басылымда (63 % процентильді); 3 мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған; 4 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында жарияланған.

Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалған:

1. Enhancing Teaching Skills Through Electronic Resources: A Study with Prospective Primary Teachers. Journal of technical education and training ISSN: 2229-8932 e-ISSN: 2600-7932 Vol. 18 No. 1 (2026) 43-55 (Докторанттың үлесі – 60%, Amina Amirova – 10%, Gulshat Bakhtiyarova – 10%, Gulsara Zhussupbekova– 10%, Saniya Nurgaliyeva – 10%);

2. Electronic resources as a means of forming the digital competence of future primary school teachers. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3(83),2024ж. https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.83.3.021, (Докторанттың үлесі – 70%, Онланбекқызы Г.– 20%, Сержанқызы Ж.– 10%);

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін электрондық білім беру ресурстары арқылы қалыптастыру. Абылай хан ат. ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы “Педагогика ғылымдары” сериясы 2 (77) 2025, 112-133 б. https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.007 (Докторанттың үлесі — 70%, қосалқы автор: Амирова А.С.— 30%);

4. Электронды ресурстар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(88), 2025 ж https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.88.4.015 (Докторанттың үлесі — 70%, қосалқы автор: Амирова А.С.— 30%);

5. Цифрлық технологиялардың бастауыш сынып оқушыларының білім алуына әсері. «Жаңа Қазақстанның басым құндылықтары: XX ғасыр педагогтерінің новаторлық идеяларынан білім берудегі заманауи инновацияларга Приоритетные ценности Нового Казахстана: от новаторских идей педагогов XX столетия к современным инновациям в образовании»: Ұлы Жеңістің 80 жылдығына, КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлының 100 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2025. – 204-206 б. (Докторанттың үлесі – 100%);

6. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда электрондық білім беру ресурстарын тиімді қолдану. «Заманауи бастауыш білім беру: жаһандану мәселелері және цифрлық трансформациялау» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы матер. жинағы. (Докторанттың үлесі – 100%);

7. Электрондық ресурстар – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзіреттілігін қалыптастырудың дидактикалық құралы ретінде. «Әлеуметтік педагогтерді даярлаудың эволюциясы: тәжірбиесі және стратегиялық перспективалары» халықаралық OPEN SPACE. 2026ж. (Докторанттың үлесі – 100%);

8. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін электронды ресурстар арқылы қалыптастыру. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің зерттеуші-профессоры, п.ғ.д., Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының президенті, академик, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Қ.Құсайыновтың 75 жылдық мерейтойына арналған «XXI Ғасырдағы білім беру сапасы: заманауи педагогикалық тәжірибелер мен инновациялар» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / Алматы, 2026. – 717 бет. (Докторанттың үлесі – 100%).